


БАЖАЙЫП ҮНДІСТАН

Еларалық журнал
№1 (31), 2014 жыл



19-22-беттер



2, 4-13, 31-беттер



16-18-беттер



62-66-беттер



31-42-беттер

Қыс кетіп,
Жаз болды,
Көк шығып,
Қаз қонды...
Авиканың Астана
сапары да
«көрген түстей,
сағымдай»
өте шығыпты-ау?..

АЛШЫ.

Үнді
телехикаясының
жұлдыздары



Жыл Ханшайымы
Princess of Year

Айдай сұлу Авика

Балгын Ананди - Авика Гор Астанаға
қалай келді?

(31, 34-35, 36-37, 38-39, 42, 72-беттер)



Орыстың ұлы суретшісі, гуманисті және мәдениет қайраткері Николай РЕРИХТЫҢ туғанына 140 жыл (1874-1947 ж.ж.) және Рерих Пактына - Халықаралық Шартқа қол қойылғанына 80 жыл (1935 ж.) толуына орай



«Әлем Анасы».

НИКОЛАЙ РЕРИХ ЖӘНЕ ГИМАЛАЙ

Н.К.Рерих:



Орыстың ұлы суретшісі Николай Константинович РЕРИХ.

За периодом пробуждения Востока наступает период прямого участия народов Востока в судьбах Мира... Очарование Азии всегда было в нас. И как же мы будем без тебя, Азия?... И где граница твоя, Азия?


Какие задачи могут быть решены без Азии? Какое построение обойдется без камней, без заветов Азии? «Алтай – Гималаи» туындысынан. «Сфера» баспасы, 1999 ж., Мәскеу.



Мақала авторы **Ботагөз НҮРПЕЙІСОВА** 1959 жылы 28 сәуірде Павлодар облысы, Качири ауданының Песчанова ауылында дүниеге келген. Ол 1977 жылы Н.В. Гоголь атындағы училищенің көркемсурет-педагогикалық факультетіне оқуға түсті. Училищеден кейін ол В.И.Суриков атындағы Мәскеу мемлекеттік көркемсурет институтына жолдама алды. Талапкер жас бұл институттың кескіндеме (живопись) факультетіне оқуға қабылданды.

Бүгінде сыршыл, сазды, философиялық болмысқа толы картиналарымен жұртшылық көңілінен шығып жүрген суретші, өнертанушы Ботагөз Нұрпейісованың ұлы суретші

Николай Рерих туралы жүрекжарды эссе-мақаласын журнал оқырмандарына тарту етіп ұсынуды жөн көрдік .



Николай Рерих Гималайда...

Жалғасы 19-22- беттерде



«Брахмапутра». 1945. Шығыс Мемлекеттік мұражайы. Мәскеу.

Орыстың ұлы суретшісі Николай Константинович Рерихтың картиналары өзінің табынушыларының жан-жүрегінде айрықша өшпес із қалдырады. Гималайдың қасиетті шыңдарына арналған қайталанбас туындылары суретшінің шығармашылығын құрметтеушілердің қызығушылығын жылдар өткен сайын арттырып, ерекше әсерге бөлеп келеді. Николай Рерих суретші-кескіндемеші ғана емес, сонымен қатар зерттеуші, археолог, ғалым,

жазушы, қоғам қайраткері, ірі философ болған.

Биыл сәуір айында ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде «Рерих Пакты. Тарих және қазіргі заман» атты Халықаралық көрмелік жобаның тұсаукесері болып өтті.



Рерих Пактының Әлем туы.

Бұл көрме орыстың ұлы суретшісі, гуманисті және мәдениет қайраткері Николай Рерихтың туғанына 140 жыл (1874-1947 ж.ж.) және тарихқа Рерих Пакты деген атаумен енген Көркемсурет, ғылым мекемелерін және тарихи ескерткіштерді қорғау туралы Халықаралық Шартқа қол қойылғанына 80 жыл (1935 ж.) толуына орай өткізілді.

Рерих Пакты - ЮНЕСКО-ның адамзаттың мәдени игіліктерін сақтау және қорғау жөніндегі халықаралық құқықтар саласындағы шешуші құжаттарын құруға тұжырымдама және принциптік негіз әзірледі. Пакт идеялары 1954 жылғы мәдени құндылықтарғы қорғау туралы Гаага Конвенциясының негізіне алынды.

Ол аса мол өнер ғажайыптарын тудыруға, Үндістанның өнеріне, көне даналығы мен философиясына арналған көптеген мақалалар мен зерттеулерді ыждағаттықпен жазуға бар өмірін арнады. Бұл – кез-келген суретшінің қолынан келмейтін іс.

Тікелей табиғаттың өзінен қарап салынған тау пейзаждарының басым көпшілігі ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Орталық Азияға шыққан экспедициясы кезінде орындалған. Бұл топтамалы туындылары суретшінің мұнан кейінгі шығармашылығына ұзақ жылдар бойы қуат, жігер-күш беріп келді. Осы экспедиция кезінде салынған 500-ден астам туындыларын суретші Гималайдың ақбас қарлы шыңдарына арнаған. Оның қыл қаламынан «Онын отаны», «Санкта», «Шығыстың жалаулары», «Майтрейя» атты әсем топтамалар туған.

Танымдық деректер қорынан: «... Ол күн сайын таңертеңнен мольбертінің жанында тұрып сурет салатын. Оның жеті мың картиналары текке аңыз болған жоқ. Суретші



Николай Константинович Рерих ұлы Святослав Николаевич Рерихпен бірге.



Гималай таулары. 1937. Шығыс Мемлекеттік мұражайы. Мәскеу.



өз полотноларында ғажайып сұлулық пен құпиялылықтың мәңгілік куәсіндей айрықша және әсем әлемді бейнеледі. Бұл ғажайып әлем оның күрделі шығармашылығында Шығыстың Гималайы ретінде көрініс тапты. Сонан соң Орталық Азия экспедициясы кезінде суретшінің шеберлігі онан сайын арта түсті. Тау тылсымдары оны өзіне жіпсіз тартып тұратын болды. Басқа суретшілердің туындыларында тау тақырыбы өшпенділікке толы, ауыр, түсінуге қиын келетін еді. Николай Рерих оны өзгеше қабылдады. Ол таулардан Жер шарының биіктікпен астасқан сұлулығын көретін. Бұл үндестік оның таулы әлеміне ғарыштық тереңдікті берген еді. Таулар жер әлемі мен ғарыш әлемін біріктіріп тұрғандай көрінетін. Ол үшін Гималай таулары адамзаттың рухани өрлеуі мен ғаламның ғажайып кеңістігінің мың жылғы

діннің ұлы ұстаздары осындай шыңдарға маңызды жаңалықтар ашу үшін ұмтылған жоқ па? Ойдың айқындығына биіктіктің, мәңгі қарлы шыңдардың, ауа кеңістігінің септігі тие ме, әлде бар мәселе күнделікті тірліктен биіктеуде ме?! Сіздердің сол биіктікке көтерілгендеріңіз ақылдың қаншалықты қабілетті, ал ұйқының қаншалықты маңызсыз екенін білдіреді. Осы құндылықтар көне дәуірдің ізденушілерін ынтықтырған жоқ па?! Кіршіксіз ой менмендікпен ластанбаған таза жерлерде туындайды.

Гималай таулары көкке ұмтылған шыңдарымен күн сайын асқақтап келе жатқандай. Гуру Чарак шатқалынан емдік шөптерді жинаған қытай саяхатшысы Хун Сян Гималайдан табылған емдік өсімдіктер жайлы жазған. Пандавтар ұлы шайқастардан шаршағанда осы жерге демалуға



Н.Рерихтың портреті.

келген. Ал тибет ақыны қасиетті Миларепа табиғаттың жаңғырығы мен ұлы күштің дауысын есту үшін Гималай шыңдарына көтерілген. Таудың ғаламат қатпарларында қандай құдіретті терең сырлар жатыр екен!

Ұлы Гаутама адамзатты құтқару мақсатында Риши Вьяса, Риши Нарада, Риши агхастья сияқты сынды мейірімді жандар осы көкпен таласқан шыңдардың астында, арамдық пен зұлымдыққа толы жерден аулақта кіршіксіз әсерлерін басынан кешірген. Ұлы Пифагор, Аполлоний Тианский - Үндістан жеріне даналық іздеп келгендерінде осы жарқын адамдармен кездескендері сөзсіз. Гималай баурайларында көп сыр

Жалғасы 22- бетте



Николай Константинович Рерих. Гималай таулары. Кешкі қызыл

байланысы болатын...»

Гималай таулары әлемнің биік шыңы ғана емес, сонымен қатар бұл – қасиетті мекен, ұлы магнит, ұлы даналық пен сұлулықтың бастауы, шешілмеген сыр.


Николай Константиновичтың ұлы Святослав Рерих («Екі Гималай» мақаласы) былай жазады: «Ұлы Ришалар өздерінің қасиетті ізденістері арқылы Гималайдың шыңдарына өрлей берді. Құдіретті Оқулар мен Докторториналар олардың өрлеген шыңдарының астында туындады. Кез-келген нәсіл мен



Николай Константинович Рерих. Гэсэр-Хан. 1941.



Николай Константинович Рерих. «Чинтамани таңбасы немесе Бақыт арғымағы». 1933.



(Соңы-басы 20-21- беттерде)

жатыр. Ол құпиялар ақ жүректі адамдарға ғана ашылады. Бүкіл әлемді өзінің әсерімен тазартып тұратын Гималайда асқақ рух бар. Біз оның биігінен философияның, өнердің, поэзияның, музыканың, кескіндеменің (живопись), мүсін мен сәулеттің рухын көреміз.

Ұлы экспедицияны ұйымдастыру үшін үлкен жүрек пен ерлік керек. Николай Рерих Орталық Азияның адам аяғы баспаған күрделі жолдарынан жүріп өтіп, полотноларға Гималайдың сұлулығын, жергілікті тибеттіктердің мәдениеті мен өмір салтын суреттеп көрді. Осы жолды ол отбасымен жүріп өтті; үлкен ұлы Юрий Николаевич – ғалым, шығыстанушы, 30-дан астам шығыс тілдерін шебер меңгерген. Ол экспедицияның қауіпсіздігіне жауап берген. Николай Рерихтың жары – Елена Ивановна Рерих, «Жанды этика» еңбегін жазған жан, ал кіші ұлы Святослав Николаевич Рерих, Сиккимск экспедициясына дейін жүріп өткен.

Николай Рерихты-Махатманың ұлы ұстаздары қасиетті тауларды жырлаушы деп бекер атамаған. Оның көзінің тірісінде Тауларды ол сияқты ешкім суреттей алмайды деп сәуегейлік айтылған екен. Ол тауларды барлық табиғи қалпында жақсы

көрді. Қарлы боранында, түнгі тыныштығында ерекше сүйетін еді. Экспедициядан кейін Николай Рерих өзінің отбасымен Үндістанның қасиетті Кулу алқабында біржола тұрақтап, өмір сүріп, «Урусвати» зертханасын ашты. Оның директоры үлкен ұлы – Юрий болды.

Ой таразасына салсақ, әсіресе Елена Ивановна Рерихтың Гималай туралы сөздері әсерлі: «...Шындығында біз ұжмақта өмір сүреміз, өйткені Гималайдың сұлулығы мен көркемдігіне тең келетін еш нәрсе жоқ. Біз барлық қасиетті Ришилердің отаны көне Ариаварда тұрып жатырмыз. Олардың рухының тартылыс күші біздің тауларымызда күні бүгінге дейін сақталып келе жатыр...»

«Гималайдың барлық аумағы ғылыми зерттеу өрісі болып табылады - деп жазды. Н.Рерих «Мория гүлдері», «Алғыс алу жолдары», «Азияның жүрегі» кітаптарында. - Мұндай әр алуан табиғи жағдай әлемнің басқа ешбір жерінде жоқ. Көкпен таласқан шындары 30 мың футқа дейін жетеді. Көлдері 15, 16 мың фут, ыстық және суық бастаулы терең алқаптар. Өсімдіктің біз көрмеген түрлері бар, бұның барлығының ғылыми мәні зор...»

Бұл ақшақарлы, көп түсті

патшалықтың сұлулығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Таулардың айқын кескіні, таңғажайып қалалар, көптүсті бұлақтар, ескерткіш сынды жартастар, осыншалық әр алуандық таң қалдырады...»

Сиккимашынында, Гималай тауларында жұпар гүлдер арасында ортағасырлық тасмүсін сынды лама Канченджанги шыңын меңзеп тұрып, ол былай деді: «Шамбала мекеніне кіретін жол бар. Мұзды үңгірлер арқылы жүріп өтетін жерасты жолдарынан бұл өмірде көп адам жүріп өте алмаған. Барлық даналық пен абырой, ақыл сонда жинақталған».

Николай Рерих Шамбаласын таудың қайталанбас пейзаждарынан тапты. Оның жүрегінде осы ғажайып елге, қасиетті шындарға, көне философиялық дана ойларға, осы жердің сұлулығына, мекендейтін адамдарына деген шексіз махаббат бар еді. Ол өзінің теңдессіз білімін жомарттықпен бөлісіп соңында, баға жеткісіз мол мұрасын қалдырды. Оның ізін жалғастырушы индолог, РФА докторы Людмила Васильевна Шапошникова кейінірек мүмкін болмаған нәрсені іске асырып, ұстазының ізімен Ұлы Гималай экспедициясына шықты. Жазбалар мен ғылыми зерттеулер жүргізіп, көне ғибадатханалар мен шіркеулерді суретке түсірді. 1980 жылдардың соңында Рерихтардың мұрасын кіші ұлы Святослав Кеңес еліне сыйға беріп, оларды Мәскеуге алып келді. Л.В.Шапошникованың арқасында Мәскеуде Н.Рерих атындағы мұражай ашылды. Бұл жерде Н.Рерихтың зерттеу жұмыстары, туындылары, күнделіктері, жары Елена Ивановнаның жазбалары, еңбектері, «Жанды этика» атты әлем ұстаздарынан алған тәлім кітабы сақтаулы.

Ботакөз НҰРПЕЙІСОВА,
суретші.